**ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының**

**Әкімшілік кеңес**

**№ 1 Хаттамасы**

06.09.2025ж. Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы:

-күн тәртібі;

-топтардың санитарлық жай-күйі;

-топтар бойынша құжаттаманың жай күйі.

2. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы.

3. Әртүрлі мәселе.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова жаңа оқу жылының дайындығы жайлы, күн тәртібі, топтардың санитарлық жай-күйі, топтар бойынша құжаттаманың жай күйіне тоқталды. Топтардың санитарлық жай күйі барлық топта үш мезгіл ылғалды тазалық жүргізілуін сонымен қатар моркировканың, ыдыс аяқтардың жеткілікті екенін тексеру барысында анықталғанын айтып өтті. Тәрбиешінің негізгі толтыратын міндетті үш құжаттың жаңа оқу жылына дайындығы, педагогикалық кеңесте бекітілгені айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ж.Тұтқабай сөз алып, балабақшада ең басты мақсатымыз бала денсаулығын сақтау екендігін айта өтіп, балабақшада балалардың денсаулығын нығайту үшін құнарлы тамақпен тамақтандыру, күнделікті дене шынықтыру сабақтары, серуен, сонымен қатар өмір қауіпсіздіігн сақтау керек екенін айтып, нұсқаулықпен таныстырып шықты.

Балабақша әдіскері Н.Алқабек жоспарланған жұмыстарды жауапкершілікпен уақтылы орындап отыру біздің жұмысымыздың нәтижесі екенін көрсететінін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әкімшілік кеңес қаулы етеді:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы:
   -күн тәртібі;
   -топтардың санитарлық жай-күйі;
   -топтар бойынша құжаттаманың жай күйі қанағатттанарлық деп есептелсін.

2. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша жұмыс жасалсын.

3. Әртүрлі мәселелер бойынша жоспарланған жұмыстардың нәтижесі шығарылсын.

Төрайымы_____Н.Тилеумбетова
Хатшы_____Н.Алқабек

**ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының**

**Әкімшілік кеңес**

**№ 2 Хаттамасы**

Қатысқандар: 7

10.11.2025ж.

Күн тәртібі:

1.Өткен жиналыстағы қаулылыардың орындалу туралы.

2.Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық.

3.Күн тәртібінің орындалуы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова өткен жиналыста қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталып өтті, жалпы қабылданған шешімдер орындалғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Алқабек сөз алып, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырды. Күн тәртібінің орындалуы бойынша барлық іс-шаралар орындауы бойынша медбике хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әкімшілік кеңес қаулы етеді:

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
2. Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық.
3. Күн тәртібінің орындалуы.

Төрайымы _____ Н.Тилеумбетова

Хатшы _____ Н.Алқабек

**ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының**

**Әкімшілік кеңес**

**№ 3 Хаттамасы**

05.12.2025ж. Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алып жаңа жыл мерекесін тойлауға арналған ертеңгіліктердің кестесін бекітіп, ертегі персонаждарды бекітті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлық жасау үшін ата-аналар комитеті ұйымдастыруға тапсырма берді. Қамқоршылық кеңесі тарапынан аз қамтамасыз етілген балаларға да жеке сыйлық жасау керектігін қарастыру керектігі айтылды. Жаңа жылдық мереке өтетін залды мерекеге сай безендіру керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әкімшілік кеңес қаулы етеді:

:

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы жоғарғы дәрежеде өткізілсін.

Төрайымы_____ Н.Тилеумбетова

Хатшы_____ Н.Алқабек